

Талғар ауданы бойынша 2010 жылға тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 қазандағы № 38 -219 шешімі. Алматы облысы Талғар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 желтоқсанда № 2-18-116 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 қазандағы № 51-307 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 қазандағы № 51-307 шешімімен

Қазақстан Республикасы “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” Кодексінің (Салық Кодексі) 422 бабына сәйкес аудандық мәслихат

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Талғар ауданы бойынша 2010 жылға тіркелген салық ставкаларының мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық Мәслихат
сессиясының төрағасы *Р. Т. Ыдрысова*

Аудандық Мәслихат
хатшысы *Р. М. Ыдралиев*

Аудандық 2010 жылғы 20 қазандағы № 38-219
мәслихаттың
нормативті құқықтық кесімге қосымша

Талғар ауданы бойынша 2010 жылға тіркелген салық ставкасының мөлшері

Рет саны	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	11
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	17
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1,5
4	Ойын жолы (боулинг)	20
5	Карт	11
6	Бильярд үстелі	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК